



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
25.02.2022 № 1 ге

**Тұрақты комиссияның
2022 жылғы 25 ақпандағы
қаулысы**

**«Astana» ӘКК» АҚ-ның өз қызметін
іске асыруға Нұр-Сұлтан қаласының
бюджетінен бөлінетін ақша қаражатын
пайдалану тиімділігі туралы**

«Astana» ӘКК» АҚ-ның өз қызметін іске асыруға Нұр-Сұлтан қаласының бюджетінен бөлінетін ақша қаражатын пайдалану тиімділігі туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) жергілікті атқарушы орган тарапынан «Astana» ӘКК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) бөлінетін ақшалай қаражаттың пайдалану тиімділігін жақсартуға бағытталған бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің коммуналдық мүлік активтерін кешенді трансформациялау және қайта құрылымдау бойынша жүргізіп жатқан жұмысы шеңберінде 2018 жылдың соңында акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді; ұйымдық-құқықтық нысанындағы 11 заңды тұлғаның 100% акциялар пакеті мен қатысу үлесі Қоғамның жарғылық капиталына берілген.

Әкімдіктің 2022 жылғы 26 қаңтардағы қаулысына сәйкес «Astana» ӘКК» АҚ «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ берілді (бұған дейін жұмыс органы Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы болған).

2016 жылы Қоғам «1000 орын - көше саудасы» бағдарламасына бастамашылық жасады, әзірледі және бағдарлама іске қосылды, оның негізгі мақсаты кәсіпкерлерге бизнесті жүргізу үшін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында шағын жер учаскелерін тиімді шарттармен жалға беру арқылы шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту болып табылады.

Тұтастай алғанда, Қоғамның қызметі активтермен ахуалды жақсартуға, инвестициялар тартуға және шағын және орта бизнесті ұйымдастыруға бағытталған.

Қоғам қызметіндегі маңызды бағыт кредиттік тұрғын үйге қарыз беру болып табылады, онда Қоғам қаржы операторының миссиясын орындайды. «Нұрлы жер» бағдарламасын аяқтау үшін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС-не 42 тұрғын үй кешенін салуға және аяқтауға қаражат аударылды, бұл 192 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, отырыс барысында Тұрақты комиссия жергілікті атқарушы орган тарапынан Қоғам қызметіне, Қоғамның өз миссиясын іске асыруға бөлінетін ақша қаражатын пайдалануының тиімділігін бақылаудың жеткіліксіздігін атап өтті.

Қоғам міндеттерінің бірі активтерді басқару, оның ішінде еншілес және тәуелді ұйымдарды одан әрі бәсекелес ортаға жіберу мақсатында оларды оңалту және шығынсыз деңгейге шығару жолымен басқару болып табылады.

«Астана Орманы» ЖШС-ның қатысу үлесін «Astana» ӘКК» АҚ-ға беру кезінде «Астана Орманы» ЖШС проблемалық активтерге жатқызылмаған.

Сондай-ақ, «Астана Орманы» ЖШС - елорданың жасыл белдеуін құру және күтіп ұстау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын елордадағы жалғыз кәсіпорын, яғни «Astana» ӘКК» АҚ тарапынан оның негізінде жаңа инновациялық өндірістерді дамытуды көздейтін бәсекелестік орта жоқ.

Бүгінгі таңда «Астана Орманы» ЖШС-гі Қоғамның қарамағындағы квазимемлекеттік сектордың басқа да кәсіпорындары сияқты табысты кәсіпорын болып табылмайды.

Бұдан басқа, елорданың әлсіз қалыптасқан тұрақтандыру қорына және қандай да бір төтенше жағдай туындаған кезде оның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне, сондай-ақ тиісті сападағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату бойынша бақылауды қамтамасыз етуге, Қоғамның қарауындағы, негізінен бос тұрып қалған және мақсаты бойынша пайдаланылмайтын қойма үй-жайларына қатысты мәселелер бар, бұл ретте қоймалардың кейбіреулерін Қоғам жеке тұлғаларға мақсаттан тыс және көтеріңкі баға бойынша жалға беріп отыр.

Жеке инвестициялар есебінен үш көтерме-тарату орталығын салу қажеттілігі және тиісті ұсыныстарды Мәслихаттың қарауына енгізу туралы мәселе бірнеше рет көтерілді, алайда олар осы уақытқа дейін енгізілмеген.

Депутаттар Қоғам жұмысына бюджет, мемлекеттік басқару саласында жұмыс тәжірибесі бар мамандарды емес, өз кәсіпорындарын тиісті деңгейге көтере алған тәжірибелі кәсіпкерлерді тарту, сондай-ақ «ұқыпты өндіріс» қағидатын іске асыруға бағытталған жобаларды енгізу қажеттілігі туралы ұсыныс жасады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Astana» ӘКК» АҚ-ның өз қызметін іске асыруға Нұр-Сұлтан қаласының бюджетінен бөлінетін ақша қаражатын пайдалану тиімділігі туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ «Astana» ӘКК» АҚ-мен бірлесіп:

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйекте азық-түлік тауарларына тиімсіз баға белгілеу мен азық-түлік тауарларын бөлуге қатысты бағаларға бірыңғай бақылау орнату бойынша берген тапсырмасын орындауды қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 мамырдағы № 502-1712 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін арттыруға жол бермеу бойынша бақылауды қамтамасыз ету;

ХӨОТ санатының өкілдерінен құрылған үкіметтік емес ұйымдарға коммуналдық меншіктегі тұрғын емес үй-жайларды жалға беру мүмкіндігін қарастыру;

қымбаттауға неғұрлым бейім азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру бойынша NurOtan партиясының Жол картасының тиісінше орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. «Astana» ӘКК» АҚ;

экономиканың басым секторларында бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру және қолданыстағыларын жаңғырту, проблемалық активтерді сауықтыру және олардың базасында бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту сияқты Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды дамыту тұжырымдамасына сәйкес міндеттерді іске асыруды жалғастыру;

квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарын тікелей қаржыландыру мәселесін қарау;

озық өндірістік және басқару технологиялары мен стандарттарын енгізуді жалғастыру;

автокөлік құралдарын жалға алу шығыстарын төмендету үшін көлік құралдары түріндегі активтерді тиімді пайдалану;

көлік құралдарын есепке алу мен бақылаудың және ЖЖМ есептен шығарудың ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету («Астана-Зеленстрой» ЖШС, «Астанатазалық» ЖШС);

«1000 орын - көше саудасы» бағдарламасы шеңберінде қосалқы жалдау шарттарын жасасу мерзімдері бөлігінде Жер учаскелерін беру қағидаларын, қосалқы жалдау шарттарын орындау және сақтау бойынша мониторингті және бақылауды қамтамасыз ету;

бір ай мерзімде Мәслихатқа уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын беру мониторингі бойынша ақпарат ұсыну;

дүкендерде тиісті сападағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату бойынша рейдтер, тексерулер жүргізуді қамтамасыз ету;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» МКК жіберген қоғамдық жұмыстар және жастар практикасы бағдарламасы бойынша жұмысқа қабылданған қызметкерлерді квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарында жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ:

тұтынушыларды газбен жабдықтау желілеріне қосу мерзімдері бойынша бұзушылықтарға жол бермей, газ тарату желісіне қосу сапасын бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Осы қаулыны орындау жөнінде қабылданған шаралар туралы ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау қала мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының
төрағасы**



В. Сергеев